

ЕЛІ СҮЙГЕН ҚАЙРАТКЕР!



«Болашақ сарайы» өңірімізде теңдесі жоқ ғимарат деуге болады. Ол интеллектуалды даму және спорт блоктарынан тұрады. Қазіргі заманғы жаңа ғимаратта бес бағыт бойынша 78 үйірме жұмыс істейді. Озық ғылыми зертханалармен жабдықталған нысанда IT, биотехнология, робототехника тәрізді салалар қамтылған. «Болашақ сарайы» бір мезетте 1 172 ізденімпаз жасқа ғылым-біліммен, спортпен шұғылдануға мүмкіндік береді. «Болашақ» сарайы екі корпустан құралған. Б корпусы толық спорттық нысандардан тұрады. Онда екі жүзу бассейні, ойын алаңдары бар. А корпусында балалар мен жасөспірімдердің ғылым-білімді игеруіне жағдай жасалған. Мұнда 7 бағыт бойынша зертханалар орналасқан. Міне, осындай ғимарат қабырғасында жас ақындар айтысы өтті. «Болашақ сарайының» директоры Айнагүл Қыдырқызы Балташеваның ұйымдастыруымен өткен үлкен мерекелік іс шара біздің атақты жерлесіміз, журналист, жазушы – драматург Жабал Ерғалиұлының 70 жылдық мерейтойына арналды. Жас ақындар сахна төрінде еліміздің бүгінгі таңдағы тыныс – тіршілігімен қатар, мерейтой иесінің жеткен жетістіктерін де тілге тиек етті. Әділқазылар алқасында еліміздің белгілі ақындары мен өнер адамдары болды. Олардың қатарында айтыскер ақын ҚР мәдениет саласының үздігі, айтыс ақындары мен жыршы-термешілер халықаралық одағы СҚО бойынша филиалының төрағасы Жарқын Жұпархан, ақын, Қазақстан жазушылар және журналистер одағының мүшесі «Дарын» сыйлығының лауреаты – Алмас Темірбай, ақын, Ақмола облысының тарихи-өлкетану музейінің директоры, қазылар алқасының төрағасы Құдайберлі Мырзабек, ақын Ерболат Баят, айтыскер ақын ҚР мәдениет майталманы, Зеренді ауданының Құрметті азаматы Күләш Рақымжанова болды.

Ақынның туған жерінен келген мектеп ұстаздары мен ағайын-туыстардың қарасы мол болды. Ақмола өңірінің әртістері де ерекше белсенділік жасап, әрбір жиналған халықты ән-жырларымен тәнті етті. Әділ – қазылар әділ шешім жасап, жиын соңында марапаттау рәсімі болды. Бұл күні тайыншалық Әмина Жапар да өз ө аузымен құс тістеген кіл жүйріктер кербез Көкше топырағында бас қосты. Бұл жолы от

ауызды ақындар өз жырына мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы Жабал Ерғалиевті арқау етті. Аймақтық ақындар айтысына Астана, Қарағанды, Арқалық, Кереку, Петропавл мен жергілікті дүлдүлдер қатысты. Айтысқа қатысқан әр ақын қарымды қаламгердің елеулі еңбегі мен шығармашылығын жырларына қосып, көрермен қошеметіне бөленді. Сондай-ақ, қоғамдағы өткір мәселелерді де тілге тиек еті білді. Аймақтық дода да өңір намысын 4 ақын қорғады. Жергілікті жүйріктер өз кезегінде Көкшетаудың мәрттігін көрсетіп, қонақтарына құрметін білдірді. Айтыс қорытындысы бойынша жүлделі қос 2-ші орынды торғайлық Тоба Өтепбай мен қызылжарлық Хабидолла Бейісхан иеленді. Ал, бірінші орын елордалық Нартай Тілеуқұлдың қанжығасына байланды. Бас жүлде бірауыздан Павлодарлық ақын Абзал Қабдрашқа бұйырды. Сонымен қатар, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының облыстық филиалы Біржан мен Сара атындағы қос жүлде тағайындады. Ол көкшетаулық Құрмет Құралхан мен Жаңылжан Жолдымұратқа табысталды. Міне, Жабал Ерғалиев өзінің саналы ғұмырында қаламгер ретінде осы елдің жерін, көлін, тауын, азаматын дәріптеп, солардың танылуына көп еңбек сіңірді. Өзінің парасатының арқасында сенатор болып Парламентте де отырды. Сол қайраткерлік жолда да Ақмола облысының, Көкшетаудың шешілмей жатқан бірнеше мәселесін көтеріп, соның шешілуіне түрткі болды. Ақынның өмір жолы мен еңбектері осылайша айтыс барысында ерекше айтылып өтті. Осылайша «Болашақ сарайында» ел ағасы, ақын ағамызға арналған он күндік өз мәресіне жетті.

Айтыс — ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы. Айтыс - әдебиет жанры болғанымен, ертеден қалыптасқан халықтық дәстүрдің үлкен түрі. Ойын, той, ас, қыз



ұзату, келін түсіру сияқты қазақ тойлары жүйрік ат, білекті палуандармен бірге айтыс ақындары да қатысып, олар айтыс арқылы той қызығы мен мәртебесін көтере түскен.

Қазақ қоғамында ақынның ақын болып танылуы да тек айтыс арқылы жүзеге асқан. Айтыс – ақынның талантын шыңдайтын үлкен өнер жарысы. Айтыстың негізгі салмағы да, түйіні де өмірдегі шындықты шыңғыртып айтып жүрген айтыскер ақындар бүгінгі таңда да аз емес екенін осы мерекелік іс шарада байқадық. Жиналған қауым ұйымдастырушыларға деген ризашылығын білдіріп, мерейтой иесі Жабал Ерғалиұлымен естелікке суретке де түсті. Айтыс өткен «Болашақ сарайы» шынымен де ақын-жазушылардың, өнер майталмандары мен спорт шеберлерінің бір ортаға тоғыстыратын алтын орда болсын, мекеме басшысы Айнагүл Балташеваға да шығармашылық табыс, биік белестерді бағындыра беріңіз, деген тілектерімізді жеткіздік. Береке мен байлығы өзіне жетерлік елімізде осындай қуанышқа бөленер күндер көп болсын!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»

ҚАДІРЛІ ЖАБАЛ НАҒАШЫ!

70-ке толып жатқан мерейтой құтты болсын!

Сіз біздер үшін аса қадірлі де, құрметті нағашысыз. Біз анамызға қандай тілек тілесек, сізге де сондай тілек тілейміз. Сіздер бір-біріңізге қандай қамқоршы екендеріңіз біздің бала күнімізден құлағымызға құйып, көкейімізге қонған. Атам қазақта көкірегінде сәулесі бар перзенттің нағашы жұртын қадір тұтқан. Баланың нағашыға тартып туады дейтін сөзінде де бір шындық бар. Біз өзіміздің нағашы жұртымызды әрдайым мақтан тұтамыз. Оның ішінде киелі Көкшенің көркем перзенті, өзінің ақыл-ойы, пайымды парасаты, адамгершілік ажарымен, кісілік келбетімен ерекшеленетін Сізбен мақтанамыз. Қас тұлпардың қара жердің таңбабын қуырған дүбірі алыстан естілетіні тәрізді, Ел сөзін сөйлеген, халықтың көкейінде жүрген мұңын мұндаған, жоғын жоқтаған аталы сөзіңіз құлағымызға

шалынған сайын міне, біздің нағашымыз деп көккірегімізде мақтаныш сезімі кернейді. Сіз шыққан биіктің ешқашан аласырмайтыны белгілі. Ел үшін туған ерлердің еңсесі қашанда асқақ, тұғырлы. Көркем Көкшетауды көгілдір тауларсыз көз алдыға елестете алмайсыз. Сол таулардың ішінде Оқжетпес бейнесі көш жерден көзіңе түспейме. Елдің өзге ерлерін төмендету емес, Сіздің біздің көкейімізде жүрген бейнеңізді анықтау үшін тіл ұшына оралған теңеуіміз ғой. Біз үшін көз жеткенімен, қол жетпейтін асқақ тұғырлы, ұшар басын ақша бұлттар ораған Оқжетпес пішіндес нағашымызсыз. Ауырмай жасыңыз жүзге жетіп, биіктен көріне беріңіз!

Ізгі тілекпен жиендеріңіз: Әсел, Мақсұт-Кенжегүл, Қуаныш-Ойрат, Жадыра, Қорлан-Еділ, Шолпан, Динара, Аягүл-Алмаз, Әділ.

Түйін: Ердің есімі қашанда ерлігімен, ерен еңбегімен өлшенеді. Ел игілігі жолында еңбек етуді азаматтық парызым деп тапқан тарландар халықтың жадында мәңгілік сақталары сөзсіз! Иә, бар қажыр-қайратын еліне арнаған ел ағасының өмірі кейінгі ұрпаққа үлгі. Өзі өмір сүрген бар ғұмырында қоғамға қомақты еңбек үлесін қосып келген Жабал Ерғалиұлына алдағы күндерде еңбегіңіздің зейнетін көріп, немере-шөберелеріңіздің ортасында бақытты ғұмыр сүре беріңіз, дейміз. Тайынша ауданының жұртшылығы сүйіп оқитын, халықтың айнасы - «Тайынша таңы» газетінің ұжымы да, сізді мерейтойыңызбен құттықтап, алдағы күндерде газет бетінен өмірі көпке үлгі сіздей ел ағаларының қайталанбас өмір - шежірелерін жас ұрпаққа үлгі етіп жаза берейік...

Қазақстан Республикасының Президенттігіне үміткерлер және олардың сайлаушыларымен сенім білдірілген тұлғалармен Тайынша ауданында кездесу кестесі

№	ҚР Президентіне үміткерлердің Т.А.Ә.	Кездесулер өткізу күні	Кездесулер өткізу уақыты	Кездесулер өткізу орны
1	Мейрам Зекешұлы Қажыкен	2022 ж.30.10.	10.00	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының «Аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының мәдениет үйі
2	Жигули Молдахалықұлы Дайрабаев	2022 ж.30.10.	11.00	
3	Нұрлан Сатыбалдыұлы Әуесбаев	2022 ж.30.10.	12.00	
4	Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев	2022 ж.30.10.	14.00	
5	Қарақат Жақсылыққызы Абден	2022 ж.30.10.	15.00	
6	Салтанат Пархатқызы Тұрсынбекова	2022 ж.30.10.	16.00	
1	Мейрам Зекешұлы Қажыкен	2022 ж.31.10.	10.00	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Қарағаш орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мектебінің мәжіліс залы (келісім бойынша)
2	Жигули Молдахалықұлы Дайрабаев	2022 ж.31.10.	11.00	
3	Нұрлан Сатыбалдыұлы Әуесбаев	2022 ж.31.10.	12.00	
4	Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев	2022 ж.31.10.	14.00	
5	Қарақат Жақсылыққызы Абден	2022 ж.31.10.	15.00	
6	Салтанат Пархатқызы Тұрсынбекова	2022 ж.31.10.	16.00	
1	Мейрам Зекешұлы Қажыкен	2022 ж.01.11.	10.00	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Алабота орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мектебінің мәжіліс залы (келісім бойынша)
2	Жигули Молдахалықұлы Дайрабаев	2022 ж.01.11.	11.00	
3	Нұрлан Сатыбалдыұлы Әуесбаев	2022 ж.01.11.	12.00	
4	Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев	2022 ж.01.11.	14.00	
5	Қарақат Жақсылыққызы Абден	2022 ж.01.11.	15.00	
6	Салтанат Пархатқызы Тұрсынбекова	2022 ж.01.11.	16.00	
1	Мейрам Зекешұлы Қажыкен	2022 ж.02.11.	10.00	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Амандық орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мектебінің мәжіліс залы (келісім бойынша)
2	Жигули Молдахалықұлы Дайрабаев	2022 ж.02.11.	11.00	
3	Нұрлан Сатыбалдыұлы Әуесбаев	2022 ж.02.11.	12.00	
4	Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев	2022 ж.02.11.	14.00	
5	Қарақат Жақсылыққызы Абден	2022 ж.02.11.	15.00	
6	Салтанат Пархатқызы Тұрсынбекова	2022 ж.02.11.	16.00	
1	Мейрам Зекешұлы Қажыкен	2022 ж.03.11.	10.00	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Большой Изюм орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мектебінің мәжіліс залы (келісім бойынша)
2	Жигули Молдахалықұлы Дайрабаев	2022 ж.03.11.	11.00	
3	Нұрлан Сатыбалдыұлы Әуесбаев	2022 ж.03.11.	12.00	
4	Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев	2022 ж.03.11.	14.00	
5	Қарақат Жақсылыққызы Абден	2022 ж.03.11.	15.00	
6	Салтанат Пархатқызы Тұрсынбекова	2022 ж.03.11.	16.00	
1	Мейрам Зекешұлы Қажыкен	2022 ж.04.11.	10.00	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Донецк орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мектебінің мәжіліс залы (келісім бойынша)
2	Жигули Молдахалықұлы Дайрабаев	2022 ж.04.11.	11.00	
3	Нұрлан Сатыбалдыұлы Әуесбаев	2022 ж.04.11.	12.00	
4	Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев	2022 ж.04.11.	14.00	
5	Қарақат Жақсылыққызы Абден	2022 ж.04.11.	15.00	
6	Салтанат Пархатқызы Тұрсынбекова	2022 ж.04.11.	16.00	
1	Мейрам Зекешұлы Қажыкен	2022 ж.05.11.	10.00	«Жастар» демалыс орталығы «Жаркөл» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Мәдениет үйі (келісім бойынша)
2	Жигули Молдахалықұлы Дайрабаев	2022 ж.05.11.	11.00	
3	Нұрлан Сатыбалдыұлы Әуесбаев	2022 ж.05.11.	12.00	
4	Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев	2022 ж.05.11.	14.00	
5	Қарақат Жақсылыққызы Абден	2022 ж.05.11.	15.00	
6	Салтанат Пархатқызы Тұрсынбекова	2022 ж.05.11.	16.00	
1	Мейрам Зекешұлы Қажыкен	2022 ж.06.11.	10.00	«Тайынша-Астық» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Мәдениет үйі (келісім бойынша)
2	Жигули Молдахалықұлы Дайрабаев	2022 ж.06.11.	11.00	
3	Нұрлан Сатыбалдыұлы Әуесбаев	2022 ж.06.11.	12.00	
4	Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев	2022 ж.06.11.	14.00	
5	Қарақат Жақсылыққызы Абден	2022 ж.06.11.	15.00	
6	Салтанат Пархатқызы Тұрсынбекова	2022 ж.06.11.	16.00	
1	Мейрам Зекешұлы Қажыкен	2022 ж.07.11.	10.00	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Келлеровка ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Мәдениет үйі
2	Жигули Молдахалықұлы Дайрабаев	2022 ж.07.11.	11.00	
3	Нұрлан Сатыбалдыұлы Әуесбаев	2022 ж.07.11.	12.00	
4	Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев	2022 ж.07.11.	14.00	
5	Қарақат Жақсылыққызы Абден	2022 ж.07.11.	15.00	
6	Салтанат Пархатқызы Тұрсынбекова	2022 ж.07.11.	16.00	

